

Аудан елді мекендерінің аумағын жинастыруды ұйымдастыру, тазалықты сақтау, санитарлық тазалау, көркейту Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы мәслихатының 2003 жылғы 11 сәуірдегі № 4 шешімі. Ақтөбе облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 13 мамырда № 2148 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 шілдедегі № 138 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2009.07.21 № 138 Шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"
Заңының 6 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат шешті:

1. Аудан елді мекендерінің аумағын жинастыруды ұйымдастыру, тазалықты сақтау, санитарлық тазалау, көркейту Ережелері бекітілсін (қоса берулі).
2. Хромтау қаласы мен селолық округтердің әкімдері өз қызметтерінде осы Ережелерді басшылыққа алсын.
3. Осы шешімнің орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Е.Әубекіровке жүктелсін.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрагасы

Аудандық мәслихаттың
хатшысы

Аудандық мәслихаттың
2003 жылғы 11 сәуірдегі
он тоғызыншы сессиясының
N 4 шешімімен бекітілген

**Ауданның елді мекендерінің аумағын жинастыруды ұйымдастыру,
тазалықты сақтау, санитарлық тазалау, көркейту
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Осы Ережелер 2001 жылғы 30 қантардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне және Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелері жөніндегі заңнамаларына сәйкес жасалды, және аудан елді мекендерінің аумақтарын жинастыруды ұйымдастыру, тазалықты сақтау, санитарлық тазалау, көркейту және жасыл желеңтедіру саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қатынастарын реттейді.

Осы Ережелердің мақсаты қысқы және жазғы мерзімде аудан елді мекендерінің аумағын тазарту тәртібін анықтау. Көліктердің, жаяу адамдардың жүру-қозғалысының қауіпсіздігін және тазалауды қамтамасыз ету үшін, ауданың елді мекендерінің аумағын көркейтуді және санитарлық күтуді, сыртқы жарықтандыру, жасыл желектер, ғимараттар және басқа да нысандарды бұзу жауапкершілігін, жинастыру жұмыстарын орындау кезіндегі талаптарды белгілеу.

Ауданың елді мекендер аумағында орналасқан меншік түріне қарамастан барлық субъектілер үшін міндетті Ережелер.

1. Жалпы ережелер

1. Санитарлық тазалау, ауданың елді мекендерінің аумағын жинау жүйесі тұрмыс қалдықтарын ұтымды жио, тез арада жою, сенімді зиянсыздандыру және экономикалық мақсатқа сәйкес қайта өндеуді қамтиды. Соның ішіне тұрғын және қоғамдық ғимараттардан, сауда, қоғамдық тамақтану және мәдени тұрмыстық бағыттағы кәсіпорындардан, канализациясыз ғимараттардан сұйық, көше-қоқысы, қар және басқа да ауданың елді мекендер аймағындағы жиналған тұрмыс қалдықтары, жазғы және қысқы мерзімде қоғамдық орындар аумағын жинау және күтуді ұйымдастыру кіреді.

2. Ауданың елді мекендерінің аумағын тазалау жұмыстарын қажетті деңгейде қамтамасыз ету үшін және арнайы машиналарды тиымды пайдалануға барлық жинастыру, тұрмыс қалдықтарын шығаруды ұйымдастыру жұмыстары бірыңғай орталықтандырылған жүйеге (жоспарлы-ұнемі және мәлімдеу), белгіленген тәртіпке, тарифке және басқа нормативтік материалдарға бағынуы тиіс.

3. Тұрғын үйлер ауласын, өтетін жерлерді тазалау тұрғын үй иелеріне немесе тұрғын үй кооперативтеріне жүктеледі, олар бекітілген аумақты жинастыруды және қоқыс шығаруды өз күштерімен, сондай-ақ келісім шарт негізінде мамандандырылған кәсіпорындарды тарту арқылы жүргізе алады.

Жергілікті атқарушы органдардың белгілеуімен әрбір мекемеге тазалау жұмыстарын жүргізу үшін нақты аумақ шекарасымен бекітілуі тиіс.

Тұрғын үйлер ауласын, үйге келетін жолдарды жинастыру тұрғын үйлер кооперативтеріне, ал магистральдық көшелерді, ішкі кварталдық өтетін жерлердің аралығын, көк желектердің аймағын, тротуарларды жинау олармен жақын арада орналасқан (шектеліскен) мекемелерге, кәсіпорындарға жүктеледі.

Жанар-жағар май станцияларынан 15 м радиуста орналасқан аумақтарды жинастыру және тазалықты ұстау станция қызметкерлерімен іске асырылады. 15 м радиустағы сауда орны орналасқан аумақтарды тазалау және жинау барлық

меншік түріндегі сауда ұйымдарының басшылары қамтамасыз етеді. Өнеркәсіп орындарының, құрылыш алаңшыларының, қоймалардың, баздардың, оған баратын жерлер аумағы осы ұйымдардың күшімен, қаржысымен тазартылады және тағы басқа аумағын (стадион, базар, жәрмеңке өткізілетін орындар, ауыл шаруашылық жерлері және басқалары) жинау және таза сақтау тиісті жерді қолданушыларға жүктеледі.

Құрылыш, күрделі, ағымдағы жөндеу нысандарына тиіп жатқан аумақтарды жинау және таза ұстай жауапкершілігі құрылыш-жөндеу жүргізіп жатқан мекемеге жүктеледі.

Ескерту мақсатында төмен учаскелер аумақтарының қар немесе жаңбыр суымен толуы мүмкін болуын бақылайтын жаңбыр жинағыш құдықтарды жыл мерзімінде екі реттен кем емес тазалау, балансында тұрған тиісті тұтынушылық қызметтері жүргізеді.

4. Тиісті құрылыш аудандарында жоспарлы-ұнемі тазалау жұмыстарын жүргізу кезегі жергілікті басқару органдарының және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет келісімімен белгіленеді.

Жаңадан салынып жатқан тұрғын үй құрылыш ауданында ғимараттар салу мерзімінде құрылыш қоқысын жинауды ұйымдастыруды үйге тапсырыс беруші қамтамасыз етеді, орталықтандырылған жоспарлы-ұнемі тазалау ғимаратты пайдалануға беру кезінде ұйымдастыру керек.

5. Қатты және сұйық қоқыс қалдықтарын зиянсыз ету белгіленген тәртіпке сай арнайы орындарда, ыдыстарда жүргізіледі.

Қалдықтарды белгіленбеген орындарға шығаруға және де ауыл шаруашылық егістіктеріне көміп тастауға тиім салынады.

2. Жалпы пайдалану орындарын тазалау және күту

6. Парктердің, базарлардың демалыс аймақтарының аумақтары, көпшілік ойын-сауық орындары және басқа жалпы пайдалану орындары белгіленген жалпы ережелердің талаптарына сәйкес күтіледі.

7. Барлық аландарда және көшелерде, базарларда, көлік аялдамаларында және басқа жерлерде жеткілікті қоқыс салғыштардың болуы тиіс. Қоқыс салғыш арасы магистральды (аумақтарды) қарқынды пайдалану жиілігіне байланысты анықталады, бірақта көп жүретін көшелерде 40 метрден, ал жүрушілері аз көшелерде 100 метрден аспауы тиіс. Қоқыс салатындардың тазалығын сақтау өздеріне бекітілген аумақты жинастыруды қамтамасыз ететін ұйымдар, кәсіпорындар және мекемелер жауапты. Меншік иелері өз оғистерінің және үйлерінің кіретін және шығатын фасад бөлшегіне, сауда жерлеріне, скверлерге, парктерге қоқыс

салғыш орналастырады. Қоқыс салғыштар жарапты жағдайда күтілу керек, қоқыс толуына байланысты тазартылып, күніге бір рет жуып, дезинфекцияланып, жылына 2 рет сырланып тұруы қажет.

8. Бос ыдыстарды немесе артық тауарларды дүкен және дүңгіршектердің алдына үюге және де оған жақын аумақтарды үюге пайдалануға тиым салынады.

Көшелерде тез бұзылатын тағамдық азықтар, көкөніс, жеміс сату үшін дүңгіршектер, киоскілер, лот орналастыру санитарлық эпидемиологиялық стансамен келісілуі керек.

9. Балалар алаңшасына көлік құралдарын қоюға, көлік құралдарын пайдалану және жөндеуге байланысты аумақты ластауға тиым салынады.

10. Жасыл желектер меншік иелігіне қарамастан ұсталмайтын мемлекеттік қор болып есептеледі және заң жүзінде қорғалады. Жеке және заңды тұлғалар өзіне бекітілген аумақтағы жасыл желектердің сақталуын қамтамасыз етуге заңнамаларға сәйкес міндettі, ол үшін толық агротехникалық шаралар жинағын жүргізу керек, атап айтқанда:

суару, қию, кепкенді кесу, апатқа ұшыраған және кепкен ағаштарды жинау, бағандарын тазалау, бағандар және тамыр бойындағы жас бұтақшаларды шығару, тыңайтқыш салу, жас ағаштардың бағандарында шұқыр орналастыру, дезинфекциялау, жарасын ысылау, қуысын бітеу, және де арам шөптерді (арам шырмауық, амброзия, жусан, сора және басқалар) жою үшін механикалық өндеу;

өсімдіктерді қорғау станциясымен шарт бойынша немесе өз күшімен ауыл шаруашылық аурулары мен жауларына, тиым салынған арамшөпке қарсы жүйелі жұмыстар жүргізу;

түсken мерзімде жапырактарды уақытында жинау. Жиналған жапырактарды белгіленген жерге шығарады. Тұрғын үй жанында, скверлерде, парктерде жапырактарды жағуға тиым салынады;

ҚР "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңына сай қорды сақтауды қамтамасыз ету;

құрылыш мекемелері меншік иелігіне қарамастан, жердің құнарлы бөлігінің сақталуын қамтамасыз етулері тиіс.

11. Базарлардың орналасуы оқшау аумақта Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 38 бүйрекшімен бекітілген СНиП және басқа нормативтік құжаттардың талабына сай болуы керек.

12. Жұмыс уақытын өз бетімен иелері тағайындейды. Аптасына бір күн санитарлық күн болып есептеледі.

13. Техникалық қызметкерлер базар жабылышымен тазалау жұмыстарын жүргізеді. Жылы кезде қатты төсөлгені бар базар аумағын тек қана міндettі сыйырудан басқа күнбек-күн жуу керек.

Қоғамдық әжетханалары жиналған көпшілік демалатын орындарынан арасы 50 метр жақын болмай орналасуы қажет: есеп бір орын 500 келушіге.

14. Арнайы аумақтандырылған нысандарда (базарлар, парктер, емделу-сауықтандыру мекемелері) санитарлық құрылғыларды салуға және қайта жабдықтауға санитарлық-эпидемиологиялық станцияның келісімісіз, қалдық жинауға, көлікті жууға, бос ыдыстарды және отын ағаштарды осы мақсаттарға бөлінбеген жерлерде сақтауға тиым салынады.

3. Өтетін жерлерді және тротуарларды күту және тазалау

15. Аумақты көріктендіру және тазалау жұмыстары жазғы және қысқы болып бөлінеді, жүйелі, мерзімді немесе жедел түрде жүргізіледі.

Жүйелігіне қатысты: сыпыру, жуу, суару, тырмалау, қарды сыпыру және шығару, мұзды ою және қар-мұз жиынтығын шығару.

Мерзімдіге жер жиынтығын, түскен жапырақтарды жинау, канализациялардағы қалдықтарды тазалау, жағалаудағы шөптерді кесу.

Жедел түрге (қар жауғанда, мұздақ, қатты жел) жолға құм төсеу, қар тырмалау және сыпыру, тоғысқан жердегі, қақпадан шығатын жердегі жиналған қарды ысыру және басқа.

16. Жазғы тазалау жұмыстары 15 сәуірден 15 қараашаға дейін суару машиналары және сыпыру көмегімен, сыпыру-жинау машиналары көмегімен жол төсеніштерін жуу арқылы жүргізіледі. Жуу тәулікте бір рет сағат ертенгі 6.00, 24.00 сағатта жүргізіледі.

17. Тұнгі уақытта жұмыс жүргізгенде (мезгілге қарамастан) шуды болдырмау ережелері сақталуы керек.

18. Механикаландырылған жуу, суару, сыпыру жұмыстарын жазғы уақытта жоспарлы түрде жүргізу керек.

19. Жол төсеніштерін жуу жұмыстары кезінде, жол жағалау бөлігінде жиналған ластар су ағымдарымен тротуарларға түспеуін қадағалау керек.

20. Жаңбыр суларының құбырлары жоқ көшелердің өтетін бөлігін сыпыру-жинау машиналарымен жинаған дұрыс.

21. Жасыл желендерді және газондарды суару үшін, суару-жуу және сыпыру-жинау машиналарына су құбырынан су құю аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станцияның келісімімен жүргізіледі.

22. Өтетін жерлерді қысқы тазалау мерзімі 15 қараша және 15 сәуір аралығында жүргізіледі. Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін үлкен жолдарда тәуліктік кезекшілік белгіленеді.

Машиналар шұғыл шығуға әрдайым дайын болуы тиіс.

23. Хлорид себу жұмыстарын мұз тайғақтың, қарды басталысымен бір рет, ал

келесі қар жауғаннан соң сыпырудан кейін керегі бойынша жүргізу қажет. Мұз тайғақта тұсуге, көтеріліске, түйіспеге қоғамдық қөлік аялдамалайтын орындарға, жаяу адамдар өтетін жерлерге, тротуарларға құм себулі болуы керек.

24. Жолдың қар қалындығы 4-5 см аспағанда қар жаууы басталған соң 4 сағаттан кейін қарды ысыру және сыпыру жүргізіледі, қайтадан сол интервалмен қар жауу жалғасқанда және қар тұскеннен кейін.

25. Мұзды сынықтарын, ластанған қарды жасыл желектердің ауласына жинау, тасу, орналастыруға тиым салынады. Тазартылған қар арнайы белгіленген орындарға шығарылады.

26. Гимараттар төбелеріндегі қарды, мұзды тазалау олардың иелеріне жүктеледі және сақтық шараларын алу керек (кезекші бөлу, тротуарларды қоршау).

27. Өтетін жерлерде арнайы қызметті жинаған, төбeden тұсірілген, жолдар төсөніштерінен сыпышылған қар шығарылғанға дейін жалпы жиынға салынады. Осы өтетін жерден лақтырылған қарды шығару арнайы қызметке жүктеледі және округ әкімінің бекітуі бойынша.

28. Қарды тазалау мына уақыттарда жүзеге асырылады:

6 см қалындығы кем тұскенде қар негізгі қала магистральдарынан 2 тәулік, ал қалғандарынан 4 тәулік ішінде;

жауған қар 6 см жоғары болса тиісінше 4-7 тәуліктен кейін.

29. Мұз тайғақпен күресу және "құрғақ" қар жиынын орналастыру жолдарын санитарлық-эпидемиологиялық станциямен жергілікті жағдайды ескеріп қоршаған ортаға кері әсер етпейтін мүмкіншілігін қарап келіскең қажет.

4. Тұрғын үйлердің ауласын тазалау және күту

30. Тұрғын үйлер ведомствоның бағынуына және меншік түріне қарамастан тұрмыс қалдықтары күнбе-күн ешқандай сұраусыз жоспар бойынша арнайы машинамен шығарылуы тиіс.

31. Тұрғын үй аулаларында көлік өтуіне ыңғайлы контейнерлер орналастыратын арнаулы алаң бөлу керек. Алаңша ашық, су өткізбейтін жабылғышпен, жасыл желекпен қоршалуы қажет.

32. Контейнерлер қондырылатын орын тұрғын үйлерден, қоғамдық ғимараттардан, спорт аландарынан және халық демалатын орындардан кемінде 20 метр, әрі кеткенде 100 метр қашықтықта болуы керек. Контейнерлердің керекті санын қондыруға қажет аула мөлшері 5-ке есептелуі керек. Контейнерден аула шетіне дейінгі аралық 1 метрден кем болмауы керек.

33. Қоқыс жинағыштар (контейнерлер) санын белгілегендеге қоқыс жинайтынмен қолданатын тұрғындар санын, қалдықтың жиналу нормасын,

қалдықты сақтау мерзімін еске алу керек.

34. Қатты тұрмыс қалдықтар қоқыс таситын машинамен, канализациясы жоқ үйден сұйық қалдықтар арнайы сорғыш машинамен шығарылады.

35. Тұрғындарға шу болдырмау мақсатында тұрмыс және тамақ қалдықтары таңертең сағат 7-00 де, 23 сағаттан кешікпей тұрғын үйлердің ауласынан шығарылады.

36. Тұрмыс қалдықтары және қоқысты уақытша сақтайтын (контейнер) қоқыс өткізгіш алаңша иесі қоқысты өз күшіменен міндепті немесе арнаулы ұйыммен жасалған шарт бойынша уақытында шығарады, іріктеу және контейнерлерді дезинфекциялауды жүзеге асырады.

Қоқысты өз күшімен шығаруда қоқыс пен тұрмыс қалдықтарын уақытында шығармаса жауапкершілікті меншік иесі көтереді.

Меншік иесінің қоқыс және тұрмыстық қалдықтарды шығаруға, шығару графигі, орын далған жұмысқа ақы төлеу үшін арнаулы ұйыммен жасаған шарты болса, уақытында шығарылмаған қоқыс үшін жауапкершілікті шарт жасаған арнаулы ұйым көтереді.

37. Қалдықтарды уақытша сақтау орнына орналастыру, әсіресе тұрғын аумағында, санитарлық-эпидемиологиялық станциясымен келісуі қажет.

Құрылым болып жатқан аудандарда аула әжетханасынан, қалдықтарды уақытша сақтау орындарынан белгіленген қашықтық мүмкіндігіне қарай комиссия арқылы белгіленеді (сөuletші, тұрғын үй пайдалану ұйымы, санитарлық дәрігердің қатысуымен). Комиссия актілері жергілікті басқару ұйымдарымен бекітілуі тиіс.

Қалдықтарды уақытша аула жинағышта сақтағанда олардың еруін және шіруін болдырмау керек. Сондықтан жылдың сақтаулы салқын уақытында (0 градустық температура және төмен) 3 тәулік, жылы мезгілде бір тәулік (күнбекүн шығару). Әрбір елді мекенде қатты тұрмыстық қалдықтардан құтылу мерзімі аудандық СЭС-пен келісіледі.

38. Жақсы жабдықталған тұрғын қорында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін стандартты темір контейнерлерді (0,75 куб.м) қолдану керек. Канализациясы жоқ үйлер иесіне ағаш немесе темір жинағыштар қолдануға болады.

39. Жаз уақытында темір қалдық жинағыштарды жуу керек (ауыстырмайтын жүйеде 10 күнде бір рет, ауыстырғанда босағаннан кейін). Ағаш жинағыштардың дезинфекциялау (әрбір босағаннан кейін). Энтомологиялық көрсеткіштер бойынша дезинсекция жасау керек. Үй ауласынан габаритсіз қалдықтарды алуды жиналудың байланысты жүргізу керек, кем дегендеге жетісіне бір рет.

40. Канализациядан тыс үйлерден сұйық қалдықтарды жинау үшін жуынды құятын орнатылады, олар су өткізбейтін шұқыр және жер бетіндегі бөлігі

қақпағымен және қатты фракциялардан айыратын решеткасымен болу керек. Решеткасын тазалауға қолайлы болу үшін жуынды құятынның жарлары алынатын және ашылатын болу керек. Аула өжетханасы бар болса шұқыр жалпы болуы мүмкін.

41. Канализациясыз үй аулалары және қоғамдық өжетханалар түргын және қоғамдық ғимараттардан, балалар ойнайтын және халық демалатын аулалардан кемінде 20 метр және 100 метрден аспайтын қашықтықта болу керек.

Қоқыс жинауыштар, аула өжетханалары және жуынды шұқырлары жеке үй ауласының аумағындағы орналасу орнының қашықтығын үй иесілерінің өздері белгілейді, айырмашылығы 8-10 метрге дейін қысқартылуы мүмкін. Орталықсыздандырылған су мен қамтамасыз ету жағдайында аула өжетханалары құдықтардан 50 метр қашықтықта болуы тиіс. Келісілмеген жағдайда аула өжетханасын орналастыру орны қоғамдық өкілдермен анықталады.

42. Аула өжетханасының жер үсті бөлігімен шұқыры болу керек. Жер үстіндегі құрылышын тығыз келтірілген материалдардан салады (тақтай, кірпіш, блоктар және басқа). Шұқыр су өткізбейтін болу керек, көлемі өжетхананың қолданатын халық санына есептеледі. Шұқырдың терендігі грунттық судың деңгейіне байланысты, үш метрден артық болмауы керек, жер бетінен шұқырдың толуы 0,35 метрден асуы жіберілмейді.

43. Аула өжетханасының іші тазалықта күтілу керек. Құнбе-күн тазалануы қажет. Аптасына бір реттен ыстық сумен жуып, дезинфекциялау керек. Аула өжетханасымен қалдық төгетін жер үсті кеміргіштер мен жәндіктер өтпейтіндей болуы тиіс.

44. Канализация жүргілмеген өжетханалармен қазылған шұқырлар төмендегі құрамдағы ерітінділермен дезинфекциялау қажет: хлорлы известь (10 пайыз), гидрохлорид (3-5 пайыз), металсиликат (10 пайыз), нафтализол (10 пайыз), креолин (5 пайыз), бұл ерітінділер ағаш қоқыс жинағыштыда дезинфекциялау үшін қолданылады. Араласу уақыты 2 минуттан кем емес. Құрғақ хлорлы известь қолдануға болмайды (тағамдық нысандар және дәрігерлік емдеу-профилактикалық мекемелерін қоспағанда). Шыбындарға қарсы дезинфекция энтомологиялық көрсеткіштерге байланысты жүргізіледі.

45. Тамақ қалдықтарын жинау, сақтау және шығаруды ұйымдастыру нұсқаушы органдармен сәйкестендіріп санитарлық-эпидемиологиялық станция қызметі органдарының келісімімен жүргізіледі.

46. Тамақ қалдықтарын арнайы іші сырты сырланған, қақпағы жабылатын ыдысқа (бак, шелек және басқа) жинау керек.

47. Тамақ қалдықтарын жинайтын ыдысты басқа мақсатта қолдануға болмайды. Құнбе-күн ыдысты жылы сумен жуып, 2 пайыздық кальций тұзымен немесе натрий немесе хлорлы известь 2 пайыздық активті хлормен.

Дезинфекциядан кейін жинағышты сумен жуу қажет. Жинағыштың қолдану және дұрыс ұстau жауапкершілігі тамақ қалдықтарын жинайтын кесіпорын көтереді.

48. Тұрғын үйлерде тамақ қалдықтарын жинайтын ыдыстар санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің жергілікті мекемелерінің келісімі бойынша белгіленген орындарға орналастырылады. Қалдық жинайтын адамдарға ыдыстың тазалығын сақтау және басқа заттың (шүберек, қағаз, шыны, темір және басқа) араласпауын тапсыру керек. ПМК жинаған тамақ қалдықтарын уақытша сақтау үшін санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мекемелерімен келісілген арнаулы жинау пункті бөлінеді.

49. Тамақ қалдықтарын уақытша сақтау олардың шіруі және жағдайына кері ықпалын тоқтату үшін уақыты бір аптадан аспауы тиіс. Сауда және көпшілік тамақтану нысандарында меншік иелігіне және түріне қарамастан, тамақ қалдықтарын уақытша сақтауға тек қана салқыннатқыш жерлері бар болғанда жүзеге асырылады.

50. Тамақ қалдықтарын жинау бөлек жүйе жағдайында және тек қана арнайы бордақылайтын шаруашылықтарға тұрақты өткізу бар болғанда жүргізледі. Тамақ қалдықтарын шошқа тамақтандыруға қолданатын бордақылайтын шаруашылықтар шаруашылық тұрған жердегі ауданның бас ветеринарлық дәрігерінен арнайы рұқсат алу керек. Мал өсіруші шаруашылықтарда эпидемиологиялық жағдайдың өзгеруіне байланысты осы тұрғын жерде әрбір нақты жағдайда тамақ қалдықтарын жинауды жалғастыруға ауданның бас ветеринарлық дәрігері рұқсат береді. қалдықтарды жеке адамдарға беруге тиым салынады.

51. Асхана және аудандық емханалардың жұқпалы ауруларды, туберкулез ауруларын емдейтін бөлімдерінде тамақ қалдықтарын жинауға және де тамақ қалдықтарын басқа қалдықтар жинайтын ыдыстардан теруге тиым салынады.

5. Ауданың елді мекендерінің аумағын жинастыруды үйымдастыру тазалықты сақтау, санитарлық тазалау, көркейту Ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік

52. Осы Ережелердің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес жауапкершілік басталады.